

## Оралмандар мен олардың отбасылары мүшелерінің уақытша орналастыру орталығында болу ережесін бекіту туралы

### **Күшін жойған**

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2011 жылы 30 наурыздағы № 134 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2011 жылы 26 сәуірде № 6908 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2011 жылғы 28 қазандағы № 570 Бұйрығымен.

**Ескеरту. Күші жойылды - ҚР Ішкі істер министрінің 2011.10.28 № 570 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

«Халықтың көші-қоны туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Заңының 34-бабының 7) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған оралмандар мен олардың отбасылары мүшелерінің уақытша орналастыру орталығында болу ережесін бекіту туралы.

2. М ы на л а р д ы н :

1) «Оралмандар мен олардың отбасылары мүшелерінің уақытша орналастыру орталығында болу ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі міндетін атқарушысының 2007 жылғы 27 қыркүйектегі № 223-б бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4963 болып тіркелген, Қазақстан Республикасының Орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдарының актілер жинағында 2007 жылғы қыркүйек-қазанда жарияланған);

2) «Өздерін оралман деп тануға ұсынған адамдар мен олардың отбасы мүшелерінің Уақытша орналастыру орталығында болу ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі және міндетін атқарушысының 2007 жылғы 27 қыркүйектегі № 223-б және «Оралмандар мен олардың отбасы мүшелерінің Оралмандарды бейімдеу және кіріктіру орталығында уақытша болуы және оларға бейімдеу қызметтерін көрсету ережесін бекіту туралы» 27 қыркүйектегі № 225-б бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2010 жылғы 12 тамыздағы № 275-б (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6456 болып тіркелген) 2007 жылғы бұйрығының 1-тармағын 2) тармақшасының күші жоғылды

д е п

та на л с ы н .

3. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Көші-қон полициясы комитеті (Х.Е. Досқалиев) заңнамада белгіленген тәртіппен осы бұйрықтың

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары полиция генерал-майоры А.В. Кулиничке және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Көші-қон полициясы комитетіне (Х.Е.Досқалиев) жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Министр* *C. Баймағанбетов*  
Қазақстан Республикасы  
Ішкі істер министрлік  
2011 жылғы 30 наурыздады  
№ 134 бұйрығымен бекітілген

### **Оралмандар мен олардың отбасы мүшелерінің уақытша орналастыру орталығында болу ережесі 1. Жалпы ережелер**

1. Оралмандар мен олардың отбасы мүшелерінің уақытша орналастыру орталығында болуының осы ережесі (бұдан әрі- Ереже) «Халықтың көші-қоны туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 34-бабының 7) тармақшасына сәйкес өзірленді және оралмандар мен олардың отбасы мүшелерінің уақытша орналастыру орталығында болу тәртібін белгілейді.

2. Осы Ережеде мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:  
1) жолдама - үәкілетті орган беретін оралман мен отбасы мүшелеріне Орталықта орналасу құқығын беретін құжат;

2) өздерін оралман деп тануға ұсынған адамдар мен олардың отбасы мүшелері (бұдан әрі - өтініш білдірушілер) - Қазақстан Республикасы егемендік алған сәтте оның шегінен тыс жерлерде тұрақты тұрган және Қазақстанға тұрақты тұру мақсатында келген ұлты қазақ шетелдіктер немесе азаматтығы жоқ адамдар;

3) уақытша орналастыру орталығы (бұдан әрі - Орталық) - өздерін оралман деп тануға ұсынылған адамдар мен олардың отбасы мүшелері Қазақстан Республикасының аумағында уақытша болатын орыны;

4) үәкілетті орган – Ішкі істер департаментінің Көші-қон полициясы басқармасы.

### **2. Өтініш білдірушілерді Орталыққа орналастыру**

3. Үәкілетті орган беретін жолдама нысандағы осы Ережеге 1-қосымшаға сәйкес өтініш берушінің Орталыққа орналастыру үшін негіз болып табылады.

4. Жолдама өтініш білдірушінің нысандағы осы Ережеге 2-қосымшаға сәйкес  
өтініші негізінде беріледі.

5. Өтініш өздерін оралман деп тануға ұсынған адамдар мен олардың отбасы  
мүшелерін тіркеу журналында (бұдан әрі - журнал) нысандағы осы Ережеге 3-  
қосымшаға сәйкес тіркеледі.

6. Орталықта төсек-орынның болмауына байланысты өтініштерді  
қабылдаудан және оларды тіркеуден бас тартуға жол берілмейді.

7. Өтінішті уәкілетті орган оны берген күні қарауы тиіс.

8. Орталықта бос төсек-орындар болмаған жағдайда өтініш білдіруші  
уәкілетті орган қалыптастыратын журналда резервке тіркелетін өтініш беру  
кезектілігінің тәртібімен қабылданады.

9. Орталықта төсек-орын босаған кезде уәкілетті орган Орталыққа кезектілік  
тәртібімен өтініш білдірушіге жолдама береді.

10. Жолдама алған кезде өтініш білдіруші Орталыққа үш күн ішінде  
орналасады. Егерде өтініш білдірушілер көрсетілген мерзімді сақтамаған  
жағдайда, ол орналасу құқығын жоғалтады, бірақ бұл ретте оның орталыққа  
орналасуға қайтадан өтініш беру құқығы сақталады.

### **3. Өтініш білдірушілердің Орталықта болуы**

11. Өтініш білдірушілердің Орталықта болуы бюджеттік заңнамаға сәйкес  
республикалық бюджеттен ағымдағы нысаналы трансфертерді қаржыландыру  
есебінен егер заңнамалық актілерде өзгеше белгіленбесе жергілікті бюджет  
есебінен жүзеге асырылады.

12. Өтініш берушілер:

1) Орталықтың тұрғын үй және қосалқы үй-жайларын, төсек және өз  
қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін өзге де керек-жарақтарды пайдаланады;

2) Орталыққа орналасу және онда болу мәселелері бойынша Орталық  
басшылығына арыздар, қолдаухаттар және өзге де өтініштер береді;

3) уәкілетті орган бекіткен, Орталықтың ішкі тәртіп ережелерімен танысады  
және оларды сақтайды;

4) олардың кінәсі бойынша Орталықтың мүлкіне келтірілген материалдық  
зиян үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершіліктер  
береді.

13. Орталық:

1) тұру үшін берілген үй-жайларды санитарлық-эпидемиологиялық  
нормаларға сәйкес ұстайды;

2) Орталыққа орналастырылған өтініш білдірушілерді төсек  
керек-жарақтарымен, олардың уақтылы ауыстырумен қамтамасыз етеді.

14. Орталықта өтініш білдірушілерден басқа адамдарды орналастыруға  
ты ый м салынады.

15. Өтініш білдірушілер Орталықта болу тәртібін бұзған жағдайда Орталық  
үәкілетті органға олардың Орталықта болу мерзімінен бұрын тоқтату туралы  
ұсыныспен өтініш білдіреді.

16. Уәкілетті орган өтініш білдірушілердің Орталықта болу мерзімінен бұрын  
тоқтату туралы ұсынысының негізділігіне тексеріс жүргізеді және оларды  
Орталықта қалдыру не болмаса шығару туралы бір жұмыс күні ішінде шешім  
шығады.

17. Өтініш білдірушілер оларға ұсынылған Орталықтың үй-жайын  
Орталықты оралман мәртебесін алған күннен болмаса оралман мәртебесін  
алудан бас тартылған күннен бастап күнтізбелік 3 күн ішінде босатады.

Оралмандар мен олардың отбасы  
мүшелерінің уақытша  
орналастыру орталығында болу  
ережесіне 1-қосымша  
Нысан

## N \_\_\_\_\_ ЖОЛДАМА

Уақытша орналастыру орталығына орналастыру үшін жолданады.

О т б а с ы (Т. А. Ә., тұған күні)  
мүшелері:

1. \_\_\_\_\_ (Т.А.Ә., тұған күні, туыстық дәрежесі)  
2. \_\_\_\_\_ (Т.А.Ә., тұған күні, туыстық дәрежесі)  
3. \_\_\_\_\_ (Т.А.Ә., тұған күні, туыстық дәрежесі)  
4. \_\_\_\_\_ (Т.А.Ә., тұған күні, туыстық дәрежесі)  
5. \_\_\_\_\_ (Т.А.Ә., тұған күні, туыстық дәрежесі)  
6. \_\_\_\_\_ (Т.А.Ә., тұған күні, туыстық дәрежесі)

(Т.А.Ә., тұған күні, туыстық дәрежесі)

о б л ы с ы  
Iшкі - - - - - істер - - - - - департаменті  
Көші - - - - - қон - - - - - полициясы

басқармасының бастығы / \_\_\_\_\_ /  
(берілген мерзімі)

Оралмандар мән олардың отбасы  
мүшелерінің уақытша орталығында болу  
орналастыру ережесіне 2-қосымша  
Нысан

\_\_\_\_\_ облысы / қаласы  
Ішкі істер департаменті  
Көші-қон полициясы басқармасының бастығына

(Өтініш білдірушінің Т.А.Ә)

## Өтініш

Сізден мені және саны «\_\_» адамнан тұратын менің отбасы мүшелерімді  
Уақытша орналастыру орталығына орналастыруыңызды сұраймыз.

\_\_\_\_\_ (куні) (қолы)  
Оралмандар мән олардың отбасы  
мүшелерінің уақытша орталығында болу  
орналастыру ережесіне 3-қосымша  
Нысан

## Оралмандар мен олардың отбасы мүшелерін Уақытша орналастыру орталығындағы тіркеу ЖУРНАЛЫ

N p/ c	Өтініш берушінің Т.А.Ә.	Тұған жері және куні	Шыққан елі	Жолдаманың нөмірі және берілген куні
-----------	-------------------------	-------------------------	------------	---

басталды

\_\_\_\_\_ аяқталды